

АКСҰҢҚАРҰЛЫ

Топырақтың киесі

Осынау Сарыарқа деп аталатын - Баянтаудан басталып, Балқантау, Қарқаралымен қиянға тартып, Қызылараймен асқақтап, Бұғылы, Тағылы, Ортау, Ақтаулармен жайыла кесілетін өңірдің қазақ тарихы мен рухани қазынасына қосқан үлесі ұшан теңіз. Атақты «Ақсақ құланның» тууына себепкер болған Жошы хан мазары осы өлкеде көз жауын алып тұр. Бұл - сонау он үшінші ғасырдың елесі. Одан беріде Асан Қайғы, Байжігіт, Қойлыбай бақсы, Жанақ ақындар осы сайын даланы ән-күйге бөлеген. Тәттімбет, Тоқа, Ықылас, Дайрабайлардың күй өнері бертінде Итаяқ, Мақаш, Қыздарбек, Әшімтай, Баубек, Әбди, Сембектермен молығып, біздің заманымызға туяқ іліктірсе, Аққыз, Манарбек Ержанов, Қали Байжанов, Әбікен Хасенов, Бегімсал Орынбековтермен бедерлене түседі.

Қиелі өнерді пір тұтқан Алаштың айтулы бір текті тұқымы Кәрсән-Керней ішіндегі Қыздарбек, Әбди, Сембек, Ақмолда, Ахметжан күйлерінің сазы өз алдына бір бөлек.

Бұл жақта «Қыздарбек оразасын күймен ашқан» деген сөз бар. Осы өңірдің тумасы, қазақтың дәулескер күйшісі Мағауия Хамзиннің әкесі жалғанның жарығымен қоштарда ымдап домбырасын алдырып, кеудесіне қойып жатып көз жұмып еді дейді көз көргендер. Кеңес үкіметі қазақтың киесіне жауша тиіп, Әбди күйшіні күй тартқаны үшін ғана «халық жауы» атандырып, жанын жаһаннамға жібергелі жатқанда:

-Көкірегімде бір сарын кетіп барады.

Осы ауылда Әбікен деген күйші бала бар еді. Соның алдында домбырамды бір тартайын. Сонсоң, атыңдаршы!-деген екен.

Сол бала - атақты дәулескер күйші Әбікен Хасенов:

-Ақке-ай, тағы бір тартыңызышы,-деп, күйді бір қайталауын өтінеді.

Сол күні Әбди фәниден бақиға аттанды.

Күй Әбікеннің көкірегінде кетеді.

Әбікен Хасенов осы күйді отыз жылдай елден жасырып тартады.

Өлер алдында Әбдидің «Қосбасарын» күйтабаққа жаздырып, күй жалғанға жария болады. Сол текті тұқымның бір тұяғы, күйші-композитор Зәрубай Сүйіндіқұлы биыл, міне, алпыстың асқарына шығып отыр.

Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті, Қарағанды педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін тәмамдап, қатардағы мұғалім, мектеп директоры, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық мәдениет, білім беру бөлімдерінің меңгерушісі қызметтерін атқарып, жауапты қызметтерде жүрсе де әлі күнге дейін шығармашылық жұмыстан қол үзбей келеді. «Ақсу-Аюлы» ән-би ансамблінің республикаға мәшһүр болуына осы Зәкең ерекше еңбек сіңіріп еді. З.Сүйіндіқұлы «Ұлытау» ән-би ансамбліне жетекші болып, Грузия республикасының алпыс жылдығында қазақ өнерін Қап тауына паш етіп қайтқан-ды. «Ән мен әнші» бағдарламасына қатысып, патриоттық әндер конкурсын

өткізуге ұйытқы болған да осы Зәкең. Бүгінде ол қырыққа жуық әннің, он шақты күйдің авторы. 2003 жылы өнер сүйер қауым «Өмір толғауы» атты әндер жинағын ілтипатпен қабылдады. Ол - Қыздарбек күйшінің мектебін ұстанған өнерпаз. «Зәру Қосбасар» күйі соның бір айғағы.

Ит жүгіртіп, құс салған аңшы, аузын ашса жүрегі көрінетін ақын. «Тектіден-текті туады» дейді қазақ. Арғы атасы Дербісәлі батыр Абылай ханның айтулы қол басшыларының бірі. Зәрубайдың Ақтабан шұбырынды - Алқакөл сұламаны арқау еткен «Дербісәлі баһадүр» күйін естігенде атойлаған асқақ рух арқанды шымырлатады. Биыл Дербісәлінің дүниеге келгеніне 300 жылдай уақыт болған екен. Бүгін де Зәрубай батыр бабасының кесенесін көтеруге бас болып, ер есімін ел жадында қалдырудың қам-қарекетінде жүр.

Зәрубай Сүйіндіқұлының «Махамбет» әні ақынның 200 жылдық мерейтойында - Атырау сахнасында қанат қаққанда, мен де сол жерде жүр едім. Жан-жақтан қазақтың небір аймаңдай игі жақсысы сонда жиналған. Алаштың айтулы ақыны Жәркен Бөдешұлы:

-Мынау ғажап ән ғой!-деп арқаланып кетіп еді.

-Бұп әннің авторы біздің елдің жігіті, - дедім мен. -Оның да атасы - Дербісәлі - Махамбеттей батыр болған...

-Көрініп тұр ғой,-деді Жәркен де сүйсініп-әннің сөзін де өзі жазыпты ғой. Батырдың баласы болған соң, ақын болады, әрине.

Топырақтың киесі деген осы.

Мынау жарық дүниеде Жасаған Ие-Көк Тәңіріміз жарылқаса-қазақты жарылқағандай: түбімізді қазсақ-Батыр мен Ақын; бүгінде 60-тың асқарына шығып отырған текті ағам жауымнан шашу шашайын:

Жанын жасынға жаныған жұрт едік.

Көшін ұзартып тұрған шал -

Ақтамберлі дейтін асыл-ды.

Түбім - Күлтегін.

Төңірегім - Біржан сал.

Қаным - Қасым-ды

Вискиді сіміріп, жүзімнің өзін жүре жеп,

Кімге керек деп мына сор?

Шәміл екеуіміз базар басқарып жүрер ек,

Ол - тауға кетті,

Мен - дауға кеттім,

Кінә - сол!

Қап тауында үйірлі қасқырмен қоса өріп,

Етектен - кәуір, құзынан - дауыл

соққылап,-

Тауда жүр Шәміл қар кешіп, көк мұз төсеніп,

Мен - елде жүрмін.

Жетісіп жүргем жоқ, бірақ,

Төменде - ел.

Тәңірі - төбемде.

Өртеңге кіріп, өртенді менің өзегім.

Базарға бармай, бағымды сынадым

өлеңде.

Өзбекстан емес, өйткені, мынау-өз елім.

Өртеніп барады өзегім.

Ағыбай батыр

Әні мен сөзін жазған Зәрубай СҮЙІНДІКОВ
Нотаға түсірген Қайрат МҰСТАФИН

Зулайды жебелер,
Алмасады төбелер.
Тұлпарлардың тұяғы,
Таптап жатыр қияны.
Е-е-е-ей.

Қасиетті дала үшін,
Қасіретті ана үшін,
Жөргектегі бала үшін,
Көңілдегі нала үшін.
Ехе-ехей, Ақжол, Ақжол

Қайырмасы:
Ақжол, Ақжол,
Ақжолтайым, Ағыбай

Маңдайына біткенсің
Қазағымның бағына-ай! Ағыбай! Ағыбай!

Қыран құстай жанары,
Кең далаға қарады.
Түйілді де қабағы,
Құйын болып барады.
Е-е-е-ей...

Тұлпардың тұрағы,
Таусылмайтын жыр әлі.
Сыбырлайды боз дала
Болыңдар деп қырағы.

Қайырмасы:

Екпінді, жігерлі

Зу-ыл-дай-ды же-бе-лер, Ал-ма-са-ды тө-бе-лер, Тұл-пар-лар-дың
тұя-ғы, Тап-тап-жа-тыр қия-ны, Е-е-е-ей...

Қа-си-ет-ті да-ла үшін, Қа-сі-рет-ті а-на үшін, Жө-ргек-те-гі ба-ла
үшін, Кө-ңіл-де-гі на-ла үшін. Е-хе-е-хей, Ақ-жол, Ақ-жол. Ақ-жол, Ақ-жол.

Ақ-жол-тай-ым, А-ғы-бай Маң-дай-ына біт-кен-сің Қа-за-ғым-ның ба-ғы-на-ай! А-ғы-бай! А-ғы-бай

Орталық Қазақстан.-2007.-24 қараша (№17).-5 б.